

# АИҚЫН

**Еуропаның екінші рет ұрлануы**



**Әлем елдерінің басым көпшілігінің Еуропаға ертегі еліндей еліктеп, үлгі тұтатыны бесенеден белгілі. «Еурожөндеу», «еуростандарт» деп сөйлемесек біздің де тіліміздің құшыры қанбайды.**

Бәріміздің жолбастаушы жұлдызымыздай болған сол кәрі Еуропа әлемнің көз алдында екінші рет ұрланғалы жатыр. Біріншісі – «Еуропаның ұрлануы» деген әйгілі картина, оған негіз болған көне грек аңызын білеміз. Ал Еуропаны екінші рет тапа тал түсте, әлем жұртының көз алдында босқындар ұрлап кеткелі отыр. Дұрысы, босқындардың өздері емес, олардың артында тұрған көрінбейтін әлеуеті күшті қолдар. Саясат серкелері солай деп отыр.

Еуропа бүгінгі мамыражай тоқ күйіне тегін жеткен жоқ. Көне тарихы қан сасиды. Оба ауруы, инквизация, крест жорықтарынан көз ашпаған. Адамзат тарихындағы екі дүниежүзілік соғыстың да оты Еуропада тұтанған. Еуропа тарихы дегенде Наполеон, Гитлер, Варфоломей түні, концлагерь, фашизм, гетто еріксіз еске түседі. Бір еуропалық ел екінші еуропалық елді аяусыз бомбаның астына алған. Англия мен Франция үздіксіз жүз жыл соғысқан. Германия бүкіл Еуропаны басып алған. Балқан елдері ХХІ ғасырға қан сасыған соғыспен жетті. Екінші дүниежүзілік соғыстан соң ғана бейбіт өмірге қол жеткізгені болмаса, Еуропаның өткен тарихында қантөгіссіз күн болмаған. Ендеше, бүгінгі мамыражай тоқмейіл Еуропа қанша жерден сұлу көрінсе де, бетпердесін ысырсаң, ар жағынан жасандылығы көрініп қалатын кексе сылқымдай. Неліктен? Өйткені Еуропаның халқы өте тығыз орналасқан, оның үстіне жерасты байлығына өте кедей. Сондықтан да Еуропа ежелден бір-бірінің, ал соңғы елу жылда Азия мен Африканың және Таяу Шығыстың есебінен гүлденіп келді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң Батыс Еуропаны КСРО-ға қарсы пайдалану үшін АҚШ пен Ұлыбритания барынша дамытуға күш салды. Социализмге қарсы капитализмнің күшқайратын осылайша, әлемге танытты. КСРО-да өзіне қарасты Шығыс Еуропа елдеріне қолынан келгенше донор болды. Осылайша, Еуропа соңғы елу жылдағы ересен байлыққа өзгенің есебінен қол жеткізді деуге болады.

Социалистік лагерь жойылған соң, енді АҚШ пен Ұлыбританияға Еуропаны гүлдендірудің түкке керекті болмай қалды. Керек болған күнде де, оны гүлдендіретін ресурс жоқ. Африка тоналып біткен. Таяу Шығыстың тең жартысы тоналып, қан қасап соғыс жүруде. Өндірістің бәрі арзан жұмыс күші көп Азия елдеріне көшірілген. Енді не істеу керек? Енді Еуропаның капиталы, құндылығы, мықты ғалымдары мен оқымыстыларының АҚШ-қа барып тығылғаннан басқа қайраны жоқ. Қалғандары Англияға немесе Германияға жұмыс істеуі тиіс. Оның ар жағында, әрине, алпауыт АҚШ тұр.

Еуропаны екінші рет ұрлағалы отырғандар – Еуроодаққа миллиондаған босқындарды бұрып жібергендер. Әрине, Еуропаның өзінің колониясы болған елдерден мигранттарды қабылдауына тарихи процестің де тамшыдай болсын үлесі бар. Дегенмен, босқындардың мұншалықты босуында өздеріне жайлы да жұмақ жер іздеуден де басқа мүдде жасырулы жатқандай. Неге дейсіз бе? Ирак пен Ливия, Сирия өздігінен қираған жоқ, ИГИЛ жоқ жерден пайда болған жоқ. Каддафи өзін-өзі өлтірген жоқ. Енді міне, Еуропаға миллиондаған босқындар төгіліп жатыр. Бұл әлі басы ғана сияқты. Енді оны тоқтату қиын. Оның бәрін кәрі құрлық қабылдауға дайын ба? Босқындарды тоқтату үшін Сирия мен Иракта, Ливияда бейбітшілік орнауы тиіс. Ал оның орнағысы, дұрысы, орнатқысы жоқ. Сырт елдерден келген мұсылмандардан құтыла алмай жүргенін бұрын да қақсаумен жүрген Еуропа енді одан он есе көп босқынды қабылдауға мәжбүр. Дәл сол кезде толеранттылығымен танылған Еуропаның бетпердесі ашылып, тарихтан таныс жүзі жарқ ете қалуы әбден мүмкін. Өйткені Еуроодақты мигранттар аралына айналдыру

әлдекімдердің көптен көксеген арманы екені айқын аңғарылып келе жатқандай. Ал Еуропаның ежелгі халқы Гитлер мен Муссолинидің идеясын қайта есіне түсірсе, жетіп жатыр.



Еуропа елдері қазір қай ел қанша босқын қабылдауы керек деген мәселемен басы қатып жатыр. Сарапшылар босқындардың ағылуын Ротшильдердің еуропалық халықтардың мәдениетіне қарсы жариялаған соғысы деп бағалауда. Босқындардың Еуроодаққа жету жолын қаржыландырып отырған сол Ротшильдер екені анық. Олардың көздегені – халықтарды бір-бірімен мидай сапырылыстырып, тамырынан, ұлттық құндылығынан, отанынан айыру. Сонда қарны тоқ болса болды, адамзатты момын қой секілді басқару өздеріне оңайға түседі. Әйтпесе, араб пен немісті байланыстыратын ортақ нәрсе бар ма? Біздіңше, жоқ. Оның үстіне Еуропаға келіп жатқандардың сексен пайыздайы жас жігіттер. Олардың арасында босқын мәртебесін иеленген күдікті баскесерлер толып жүруі мүмкін. Ендеше, босқындарды Еуропаға ағылту арқылы бірыңғай мәдениетті, дінді жою, сол арқылы ұлтты жою жоспары жасалынып қойылған, – дейді еуропалық сарапшылар.

**Төреғали Тәшенов**